



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc mmginfo

№10 (192), ҚАРАША, 2025



РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ БАСТЫ САЛТАНАТЫ



24 қазан күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының еңбек ұжымы Республикасы күнін жоғары деңгейде салтанатпен атап өтті, мемлекеттік рәміздер дәріптелді.



ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТ

24 қазан күні Астанада Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Республика күніне орай ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов теміржол, тау-металлургия, энергетика салаларының еңбеккерлеріне, медицина, білім, ғылым салаларының өкілдеріне, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік наградалар табыс етті.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен

мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен біздің әріптесіміз – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ҚҚҰЦ сорғы станциясының машинисі Сырым Нұрберді марапатталды.

Сырым Нұрбердіні шын жүректен құттықтап, еңбекте табыс, амандық және отбасылық бақыт тілейміз!

Марапат құтты болсын!

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас офисінің акті залында өткен Республика күніне арналған салтанатты шара Еліміздің Әнұранын орындаумен ашылды.

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы бас директорының уақытша міндетін атқарушы Чжан Ицюнь, бас директордың өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары Марат Қайырбекұлы Елеусинов салтанатты жиынға қатысушыларды мерекемен құттықтады.

Марат Қайырбекұлы өзінің құттықтау сөзінде: «1990 жылғы 25 қазанда «Егемендік туралы» декларация қабылданды, Еліміз тәуелсіздікке бет бұрды, азат болудың алғышарты жасалды, сондықтан біз үшін бұл күннің орны ерекше. Отанға деген сүйіспеншілігіміздің символына айналған бұл мереке – халқымыздың азаттыққа ұмтылған асқақ

арманының жүзеге асқан, Еліміздің Тәуелсіз мемлекет ретінде әлемге танылған тарихи сәтін білдіреді. Егемендік алғанына биыл 35 жыл толған Қазақстан бүгінде өз жолын нық қалыптастырған, халықаралық аренада өзіндік орны бар тұрақты мемлекетке айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы "Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Бағдарымыз – айқын, мақсатымыз – ортақ" деп бағытымызды белгілеген болатын, сондықтан ұлттық құндылықтарымызды ардақтап, туған жеріміздің болашағы үшін баршамыз бірлесе еңбек ете берейік!" - деді.

Құттықтаудан кейін компания басшылары еңбек озаттарын құрмет грамоталарымен және алғыс хаттармен марапаттады.

Мерекелік шара әсем концертпен жалғасты. Сахнада Маңғыстау облыстық Мұрат Өскінбаев

атындағы филармониясының әншілері өнерлерін көрсетіп, жоғары шеберлікпен орындалған әндерімен көрермендердің ыстық ықыластары мен қошеметтеріне бөленді.

Бүгін компаниямыздың Қаламқас және Жетібай кенорындарында да Мемекеттік ту көтеру рәсімі өтті. Мұнайшыларымыз өткізген бұл салтанатты шарада Еліміздің әнұраны шырқалып, көк байрағымыз көтерілді. Көк тудың желбіреуі әрі құрметтелуі – заңдылық. Мемлекеттік ту – елдіктің белгісі. Азаттықтың айбары. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – әрбір азаматымыздың парызы.

Халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке баршамызға шаттық сыйласын! Еліміздің егемендігі баянды болсын!



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ГЕРМАНИЯНЫҢ БАС КОНСУЛЫ «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ

6 қарашада «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен Германияның Алматыдағы Бас консулы Маттиас Кислер мен Германияның Астанадағы Тұрақты Елшісінің кеңесшісі Ульрих Кинне бастаған неміс делегациясы арасында кездесу өтті.



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов қонақтарды жылы қарсы алып, жиналғандарды кәсіпорынның негізгі өндірістік-экономикалық көрсеткіштерімен таныстырды. Кездесу барысында Болат Сейтмағанбетов «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұсыныстарға ашық екенін және өзара тиімді ынтымақтастыққа дайын екенін атап өтті.

Өз кезегінде Маттиас Кислер мен Ульрих Кинне жылы қабылдау үшін алғыстарын айтып, қазақстандық және неміс компаниялары арасындағы іскерлік қарым-қатынастардың артып, нығая түсетініне сенімдерін білдірді.

Кездесуге сондай-ақ машина жасау, логистика, цифрлық технологиялар, экология, құрылыс, энергетика және т.б. салаларда жұмыс істейтін неміс компанияларының өкілдері қатысты. Олар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның әлеуеті зор екенін және екі тараптың да өзара қызығушылық тудыратын жобалары бар екенін атап өтті.

Кездесуді қорытындылай келе қатысушылар кең ауқымды мәселелер бойынша ашық және кең ынтымақтастыққа дайын екендіктерін білдіріп, іскерлік және өндірістік байланыстарды одан әрі нығайтуға келісті.

ТАҒАЙЫНДАУ

4-ші қараша күні «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ акционерлерінің шешімімен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары қызметіне **Ерлан Шәкенұлы Макеев** тағайындалды.

Ерлан Макеев 1984 жылдың 14-ші маусымында Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласында дүниеге келген.

2006 жылы ол Ш.Есенов атындағы Ақтау Мемлекеттік университетін Мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау мамандығы бойынша бітірген, тау-кен инженері, 2016-2019 жылдары Алматы Менеджменті университетінде оқып Іскерлік басқару магистрі атағын алған.

Ерлан Шәкенұлы еңбек жолын 2004 жылы Жаңаөзен қаласындағы «Бұрғылау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде бұрғылаушының көмекшісі болып бастады.

2007 жылы «Бұрғылау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өндірістік-технологиялық бөлімінің жетекші инженері, ал 2012 жылы өндірістік-технологиялық бөлімінің бастығы болып жұмыс жасаған.

2013 жылдың сәуір айында Алматы қаласындағы «MHINDUSTRY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік-технологиялық бөлімінде бас технолог болып жұмыс істеп, сол жылдың қазан айынан бастап «Бұрғылау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде техникалық мәселелер бойынша атқарушы директор болды.

2015 жылдың қыркүйегінде Жаңаөзен қаласында «МұнайФилд-Сервис» жауапкершілігі шектеулі



серіктестігінде бас директор қызметін атқарды.

2020 жылдың ақпанында Алматы қаласындағы «MHINDUSTRY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндіріс бойынша бас менеджері, ал сол жылдың қараша айында «Мұнай-телеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өндірістік қатынастар бойынша эксперт болды.

2021-2025 жылдар аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес мекемелерінде басшылық қызметтер атқарды.

2025 жылдың сәуірінде «Oil Services Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры болды.

2025 жылдың 4-ші қарашасынан бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.



БҮГІНГІ ЖАС – ЕРТЕҢГІ КӨШБАСШЫ



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамындағы Жас мамандар кеңесінің құрылғанына биыл 10 жыл. Кеңес – 1500-ден астам жас мұнайшыны біріктірген үлкен ұйым. Алғашқы күнінен бастап оның рухани тірегі, өнер мен мәдениет жолындағы жетекшісі – жұртшылықпен байланыс департаментінің сол кездегі басшысы, мәдениет саласының үздігі Майра Ғұмарова болды. Оның бағыт-бағдары мен қолдауының арқасында жастардың рухын көтерген, шығармашылығын ұштаған көптеген игі шаралар жүзеге асты.

Мерейтойлық белес

13 қазан күні Достық үйінде жас мамандар Кеңесінің 10 жылдығы салтанатты түрде аталып өтті. Мерекелік жиынға бас директордың әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Исатайұлы, қаржы және экономика жөніндегі орынбасары Нұрбол Прмағанбетов, сондай-ақ Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының

басшысы Мұқаш Оралбай, және өңірдегі мұнай компанияларының белсенді жастары қатысты. Жиында кеңестің құрылуына, дамуына үлес қосқан бірқатар жастарға компанияның алғыс хаттары табыс етілді. Бұл марапаттар – олардың еңбегіне деген құрметтің, ұжым тарапынан көрсетілген сенімнің белгісі болды. Компаниядағы жастардың басын біріктіріп, олардың кәсіби және қоғамдық әлеуетін арттыруға бағытталған ірі бастама осылай 10-жылдық межені артқа тастады.

Жастар кеңесі – тұлғалық қалыптасу мектебі

Жастар Кеңесі – талай жастың еңбек жолындағы трамплиніне, тұлғалық және кәсіби қалыптасу мектебіне айналды. Осы уақыт ішінде кеңес мүшелері қатарынан жетекші геологтар, аға шеберлер, цех басшылары мен бөлім басшылары өсіп шықты. Кешегі жас бүгінде жаңа буынға тәлім беріп, өз тәжірибесін бөлісіп келеді. Мұнда тек өндірістік тәртіп емес, азаматтық ұстаным да қалыптасты. Өндіріс ортасында жүргенімен, кеңес мүшелері елдік, қоғамдық, мәдени

мәселелерден бір елі ажыраған жоқ. Қайырымдылық шаралары, ардагерлерге қамқорлық, экологиялық акциялар мен мәдени жобалар – барлығы осы жастардың ұйымдастыруымен өтті. Бұл ортада әр жас өз бойындағы талантын танып, қоғамға, ұжымға пайдалы болудың жауапкершілігін терең сезінді.

Жаңа толқын – жаңа дәуір

Бүгінде кеңес төрағасы Ержан Есполовтың жетекшілігімен ұйым өз дәстүрін жалғастырып, жаңаша серпінмен дамып келеді. Компания деңгейінде өткізілген мәдени, спорттық және экологиялық акциялар – жастардың ұйымшылдығы мен белсенділігінің көрінісі.

Кеңес жұмысы — тек ұйымдық құрылым емес, жас мұнайшылардың жүрегінде ел мен еңбекке деген сүйіспеншілікті тұтатқан шырақ. Бұл шырақ енді жаңа буынның, жаңа толқынның қолында. Олар да өз кезегінде келер он жылдықтың жаңа белесіне жол салары анық.

Жаннат Кемал

ҚЫРАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

20–21 қазан күндері «Жетібаймұнайгаз» және «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармаларында азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлардың алдын алу бағытындағы оқу-жаттығулар қорытындыланып, өз ісіне жауапкершілікпен қарап, жоғары дайындық көрсеткен қызметкерлер марапатталды.



кәсіби шеберлік пен ұйымшылдық үлгісін көрсеткен бірқатар қызметкерлер де марапатталды.

Маңғыстау облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, полковник М.С. Мұхановтың Алғыс хаты «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығы Бақзат Сансызбаевқа, бірінші орынбасары Дулат Сейбағытовқа, әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Жолдасбек Ешмановқа табыс етілді.

Ал, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы атынан Алғыс хатпен:

№3 МГӨЦ бастығы Қазбек Көшербай, ҒЗЖӨЖЦ бастығы Сұңғатулла Бисенбаев, әкімшілік шаруашылық бөлімінің аға әкімшісі

Жаным Оразмағамбетова марапатталды.

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ жеңімпаздары:

1-орын – Ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар цехы

2-орын – Пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехы

3-орын – Кәріз және сумен, жылумен қамту цехы

Маңғыстау облыстық ТЖД-ның Алғыс хатына «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы Мақсат Нұрғабылов, бірінші орынбасары Сағыныш Оразбаев, әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мұрат Батыршаев ие болды.

Сондай-ақ «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығының Алғыс хаттарымен ОИТҚ басшысы Мәлік Абланов, оның орынбасары Алмас Бержанов, КМДжАЦ бастығы Серік Заханов, СКҚжТС учаске бастығының орынбасары Сисенғазы Жантақбаев, ГӨДжТЦ бастығы Алшынбек Түйешиев марапатталды.

«Әрбір азамат төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарды білуі тиіс. Бұл – өз өміріміз бен жақындарымызды қорғаудың ең тиімді жолы», – деді шара барысында басқарма басшылары.

Бұл күн – азаматтық қорғаныс саласындағы атқарылған жұмыстардың бағаланған, кәсіби шеберлік пен адал қызметтің құрметтелген күні болды.

Азаматтық қорғаныс – қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығының кепілі!



Шара – Құтқарушылар күніне орай ұйымдастырылып, азаматтық қорғаныстың нысандық құрамалары арасындағы үздік ұжымдар мен қызметкерлер анықталды. Мақсаты – төтенше жағдайлар кезінде жедел әрі сауатты әрекет ету дағдыларын қалыптастыру, қауіпсіздік мәдениетін күшейту және ұйымышылдық ынтымақтастықты арттыру.

Жаттығу барысында қатысушылар өрт кезінде эвакуация жүргізу, противогазды дұрыс пайдалану, зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету және апатты жағдайда жедел шешім қабылдау секілді маңызды әрекеттерді тәжірибе жүзінде көрсетті.

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ жеңімпаздары:

1-орын – Механикалық цех

2-орын – Мұнай айыру және өткізу цехы

3-орын – Пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехы

Жүлдегерлерге 100 000, 60 000 және 50 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлықтар, ауыспалы кубоктар мен грамоталар салтанатты түрде ұсынылды.

Қаржылай сыйлықтар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымының қолдауымен жүзеге асты.

Азаматтық қорғаныс іс-шараларына белсене қатысып, жоғары



ГЕОЛОГ-БАРЛАУШЫЛАР - ТҮБЕК МҰНАЙШЫЛАРЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Мұнай, көмір, газ - әсерлеп айтсақ «қара алтын», «көгілдір отын» Ел экономикасының күре тамыры, орасан зор қуат көзі, оған ешкімнің де таласы жоқ. Адамдардың күнделікті тұрмыс тіршілігін айтпағанның өзінде барлық өндіріс орындары - зауыттар мен фабрикалар, ауада ұшатын, суда жүзетін, жердің асты мен үстіндегі барлық техника, қайсы бірін айтасың, олардың саны айтсаң тауыстырмайды ғой – бәрі де қуатты энергия күшіне тәуелді. Соңғы жылдарда батыс елдерінде жоғарыда аталған қуат көздері «ауаны, қоршаған орта, яғни атмосфера қабаттарын ластайды», деп даурыққандар қатары тез қарқынмен көбейіп, белгілі бір күшке айналды. Олардың пайымдауынша жетіспейтін энергия тапшылығын жел, күн сәулелерін пайдалану арқылы толықтыруға болады деп есептеп, парламент сайлауларында көпшілік дауысқа ие болып, бірінен соң бірі үкімет басына келіп жатыр. Бірақ, өмір көрсеткендей жел үнемі соға бермейді, күн сәулесі де бірде бар, бірде жоқ дегендей, бетін булт басып, бірнеше күн бойы көрініп жарымайтын мезгілдері де жиі қайталанып тұрады. Бұл елдерде қыс мезгілдерінде электр энергиясы жетіспегендіктен мұнай, газ бағасы шарықтап өсіп тұр. Ұнасын ұнамасын, энергия жетіспеушілігін амалсыздан бұрынғы қуат көздерімен толықтыруға тура келеді. Өз ойым, қалай болғанда да мұнай мен көмір өндіруді басқа қуат көздерімен де қоса жалғастыра пайдалана беруіміз керек.

Биыл Маңғыстауда алғашқы мұнай бұрқағы атқылағанына 64 жыл болып отыр. Осы жылдар ішіндегі мерекелік тойларда оны іздеп тапқан және өндіру саласында абыройлы қызмет жасаған ағалар туралы «Қазақстан мұнай энциклопедиясынан» бастап, күні бүгінге дейін біршама айтылып та, жазылып та жатыр. Әсіресе, қазыналы түбекте «Мұнайшы» қоғамдық қорын басқарған азаматтардың бастамасымен Жетібайдағы алғашқы мұнай бұрқағының 50 жылдық мерейтойы қарсаңында және одан кейінгі 2-3 жыл ішінде жалпы саны 10-нан астам кітаптар шығарылыпты. Соңғы 3-4 жыл мерзімде осы үрдіс жалғасын тауып, тағы да бірнеше кітаптардың шыққанын көріп жатырмыз. Күнделікті ақпарат ағынына газет, журналдар бетіндегі мақалаларды және теледидардан беріліп жатқан сансыз көп хабарларды қосыңыз. Биыл қарағанда бәрі солай болу керек, дұрыс, жеткілікті сияқты. Дегенмен мұнай оңайлықпен табылмайды, оны іздеген саяхатшылар мен ғалымдардың аты-жөні сонау 19-ғасырдан басталатынын білеміз. Ең бір мысалы Қаражанбаста 1974 жылы мұнай бұрқағы атылған ұңғыдан 3 км. жерден 1960 жылы қазған ВНИГРИ, халық тілінде Ленинградтық экспедиция, ыссы су болғасын ұңғыны басып, одан әрі сәл тереңдетіп қазбаған, ұйы аузын цементтеп тастаған. ВНИГРИ институтының ғылыми қызметкерлерінің жауапсыздығынан құнды геологиялық мәліметтер алынбай қалды. Егер, олар жобалық тереңдікке дейін қазғанда, мұнайды бұдан 14 жыл бұрын табатын едік. Жалпы, мұнайшы ағайын табылған мұнайды ғана өндіреді, бірақ соны табу жолында геолог-барлаушылар деген тобы мұнайшылар қауымының үнемі алдында жүреді. Бұлар топографтар, геодезистер, геофизик-сейсмиктер, картогрвалық және құрылымдық-іздістіру бұрғылауы деген сияқты. Уақытында осылардың дәлелдеуі арқасында ғалымдар, геологтар терең бұрғылауға қолайлы, құрамында мұнай,

газ болуы мүмкін-ау деген алаңдар, соның ішінде барлау нүктелері таңдап алынады, бұрғы салынады. Жетібай, Өзендегі кен орындар осылай ашылды. Дегенменен Бозашы түбегіндегі кен орындарды ашуда, атағы көп шықпайтын, бірақ атқаратын жұмыстары маңыздылардың қатарына жататыны жоғарыда аталған, МНГР кешенді экспедициясының геологиялық іздістіру партиясы (ГПП, бастығы Б.Әбішев, бас геологы Ә.Нұрманов). Шағын ұжым болса да, қазыналы түбектің жер асты байлығын ерінбей зерттеп, ашуда орасан көп жұмыстар атқарды. Бір сөзбен айтқанда ұйыдағы ару ежелгі Маңғыстаудың жер асты байлығын ашып, оның қазыналы түбекке айналуына орасан зор еңбек сіңірді. Айта кеткен дұрыс болар, Өзендегі алғашқы терең бұрғылау бригадалары де осы құрылымдық бригада барлаушылар есебінен өсіп шықты.

Өзендегі тұңғыш газ бұрқағы алынған К-18 ұңғысы, тереңдігі - 368м. (бұрғылау шебері Ф.Әбдірзаков), Бозашыдағы ашылған мұнай кен орындары: Қаражанбас, К-12, тереңдігі -303м. (С.Таянов), Солтүстік Бозашы – 122 ұңғысы, тереңдігі - 360м. (С.Таянов), Жалғыз Төбе-142, тереңдігі - 385м (Е.Тереханов), Қаламқас-1, тереңдігі-642м. (А.И.Волочаев) және басқаларын бұрғылаған және алғашқы мұнайын тапқан ГПП-ның жоғарыда аталған бригадалары еді.

Мекеме басшысы Әбішев Бисен ағамызды жұртшылыққа таныстыра кеткен бөтен болмайтын шығар. Ол кісі мұнайлы Ембі және Маңғыстауда жаңа кен орындарды ашқан, сала ардагері. 1927 жылы Атырау облысы Доссор кентінде өмірге келген, 1947 жылы мұнай техникумын техник-геолог мамандығы бойынша бітірген. 1943-1964 жылдарда «Қазақстанмұнайбарлау» тресіне қарасты Жаршық, Бақлан, Мартыш, Таңатар барлау алаңдарында жұмысшы, коллектор-геолог, аға геолог, геологиялық бөлім және мұнайбарлау экспедициясының бастығы қызметтерін атқарды. 1964 жылдан бері Маңғыстауда МНГР тресіне қарасты Қарақия мұнай-газ барлау және Ақсудағы экспедицияларда аға геолог, Доңға барлау алаңында учаске бастығы, Ақсудағы экспедицияда бастықтың орынбасары, ГПП-да бастық болып, 1988 жылы құрметті еңбек демалысына шықты. 1966 жылы Бисекен басқарған Доңға алаңынан бұрғылау шебері Таңат Есентурлиев бригадасы қазған ұңғыдан мұнай бұрқағы алынды, бүгінде осы кен орнында шетелдік фирмалар көптеп мұнай және ілеспелі газ өндіруде. Ал, Бозашы түбегіндегі геологиялық ашулар туралы бұрында жан жақты жазылғандықтан тоқталмаймыз. Ұзақ жылдар бойы жемісті еңбегі үшін Бисекен «Еңбек Қызыл Ту» ордені тапсырылып, көптеген отан медалдарымен, республикалық, одақтық министрліктер берген атақтар мен төс белгілерімен марапатталды.

ГПП-ның бас геологы Ә. Нұрманов (1934-2024ж.ж.) жөнінде жазсақ, Әдекен - кәзіргі Маңғыстау мұнайы геологтарының ағасы, түлеген түбектегі кен орындарының ашылуына езінің ғылыми тұжырымдамаларымен уақытында елеулі еңбек сіңірген, халық «Қазақстан-ның екінші тынысы» деп атап кеткен, Бозашыдағы кен орындарды тұңғыш ашушы, еңбегін бұрынғы КСРО-ның атақты ғалымдары мойындаған, ғалым-геолог ағамыз. Әдекен туралы кітаптар басылып шығып жатыр, соның дәлелі осыдан екі ай бұрын, жазушы-журналист Н.Ю. Задерецкаяның «А.Нурманов-


покоритель недр Мангистау» деген кітабы. Кейінде де осындай үрдістер қайталана беретініне сеніміміз мол. Бозашыдағы кен орындарды ашу, сөз жоқ, бұл ұжымға заңды, қанша мақтанам десе де айтуға тұратын, орасан зор абырой алып берді.

Ал, осы ұжым МНГР тресінен де бұрын құрылып, 1951 жылдың 27 тамызында Маңғыстауға, яғни, Форт-Шевченко қаласы маңындағы Түбіжік жеріне крелиус геологиялық мұнай іздістіру партиясы (бастығы Ожақай Бегалиев пен геолог Абат Оразалин, бұрғылау шебері Дүмбай Нұрболғанов) келіп орналасты. 1952 жылы Түбіжікке құрылымдық бұрғы салып, К-2 ұңғысының 337- 380 метр тереңдегі төменгі бор қабатынан аз мөлшерде ауыр мұнай белгісін алады. Бұрғылау бригадасының құрамында бұрғышылар – Тұрғали, Қожан Иманбаевтар, Сағызбай Бекешов, Қасанғали Қалжігітов, механик Қойлыбай Жанұзақов, бұрғышының көмекшілері: Бисенбай Өрбісінов, Бекеш Өрбісінов, Алтыбай Өрбісінов, тағыда бірнеше бұрғылау жұмысшылары болды. «Қазақстаннефть» бірлестігі 1954 жылы Қарасаз-Таспас алаңын зерттеуге екінші геологиялық крелиустік партиясын (бастығы Зейнолла Ысқақов, геологы Қанзиба Есмұрзина, шебері Мұрат Қайырлиев) жібереді. Бұлардың соңын ала құлсарылық бұрғылау шебері Ғазиз Әбдірзақовпен бірге бірнеше бұрғы жұмысшылары Атыраудан бұрғылау құрал-сайманымен көшіп келді. Осы партиялардың құрамында келген алғашқы барлаушылар мыналар еді: Ғазиз Әбдірзақов, Қалдыбай Бегалиев, Оразбай мен Жұмабай Деновтер, Әлимағанбет Әнесов, Қасымғали Мұсағалиев, Сүлеймен Галидуллин, Жұбан Қайроллаев, Қабдол Амантурлин, Аман Ахметов, Құлекеш Айназаров, Үйсінбай Болатов, Қайырғали Ербозов, Сатыбалды Жүсіпов, Рзабек Нұрлыбеков, Қаршыға, Ізімберген Тайпақовтар, Сәулебай Шуақбаев, Мұқан Қашқынбаев, Жолдыбай Ақтілеуов, Темірхан Өрбісінов, Хасанғали Қалжігітов, Көшкінбай Қалиев, Сағызбай Бекешов, Құрманбай Досымбетов, Қойлыбай Жанұзақов, Шолтыр Жұбатқанов, Құмарғали Досмұханов, т.б. Бұлардың келуімен бірге маңғыстаулық барлаушы мұнайшылардың да алғашқы тобы тәрбиеленіп, өсіп шықты.

Ожақай Бегалиев туралы айтсақ, ол кісі 1961 жылы Мәскеу мұнай институтын «тау кен инженер-геологы» мамандығы бойынша бітірген. 1946-1956 жылдарда «Қазакмұнайбарлау» тресіндегі геологиялық іздістіру кеңсесі крелиустік барлау партиясы, кейіннен сол трестегі экспедиция бастығы, аға геологы. 1972-1985 жылдарда құрамында МНГР болған, Атыраудағы геологиялық бірлестіктің бас директор орынбасары болды. Ұзақ жылдар бойы геологиялық барлау және мұнай іздістіру саласындағы жемісті еңбегі үшін «Қазақ КСР-ының еңбек сіңірген геологбарлаушысы» атағы беріліп, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері және медалдармен марапатталды. Осы шағын құрылымдық партия Түбіжік, Қошанай және оған іргелес жатқан барлау алаңдарында өз мүмкіндігіне қарай құрылымдық барлау бұрғылаумен айналасты. Қою, өндіріу күрделі мұнай табылды. Белгілі бір геологиялық дәуірде жер қабаттарының қозғалуынан жеңіл фракциялары басқа қабаттар мен алаңдарға ұшып, не ағып кеткені анықталынды. 1957 жылы МНГР тресі құрылғасын, геологиялық барлау және құрылымдық іздістіру экспедициясы (ГПНЭ) деген атпен трест



Дүмбай Нұрболғанов



Ожақай Бегалиев



Бисен Әбішев



Сүлеймен Галидуллин



Санақ Таянов

бармаған, оның бұрғылау қондырғысы табанын тіремеген жер бар ма екен, сірә?! Ол ит арқасы қияндағы шалғай елсіз мекендерде 1962 жылдан бастап құрылымдық бұрғылау жұмыстарын жүргізді. Оның бригадасының өзі осы бір өлкедегі мұнай тарихының беттері сияқты. Қарап отырсаң, оның әрбір мүшесінің мұнай саласына сіңірген еңбегін бөлек-бөлек жыр қылып айтуға тұрарлық. Мәселен, өз ісінің майталман шебері, алғашқы геологиялық іздістіру конторы (ГПП) ұйымдасқан 1951 жылдан бастап жұмыс істеген Галидуллин Сүлеймен, Қойшыбаев Жақсыбай сияқты бұрғышылардан үйреніп, тәлім-тәрбие алған Амандәулетов Қален, Қорғанбаев Нұрғазы, Қараалин Мақсат, Моисеев Петро, Бәлдеков Әнес секілді олардың көмекшілері болды. Олардың қатарында Түйебаев Ахмет, Сейітов Төребай, Адамбаев Теңізбай, Алашаев Шәкірат сияқты жас бұрғышы инженерлер де өздерінің алғашқы еңбек жолдарын осы бригадада бастаған болатын».

Таянов Санақтың бригадасы - Бозашыдағы алғашқы Қаражанбас кен-орнының бірінші мұнай фонтаны алынған К-12 құрылымдық ұңғысын қазған, Қазақстан мұнайы тарихында аттары алтын әріппен жазылған бригада болғанын мақтанышпен айтамыз.

ГПП мекемесінің бұрынғы, өмірден өткен ардагерлерін көпшілік біле бермейді. Сондықтанда өлкедегі мұнай іздеу тарихын білгісі келгендерге осы мекеме жайында қысқаша түсінік берген бөтен болмас.

Осы мекеменің Түбіжіктегі бұрғылау жұмыстарын әуелі О.Бегалиев, ал 1952-1963 жылдарда тарағанға дейін, алғашында механик, артынан бұрғылау шебері болып жасаған, Қаратоннан келгендер қатарында болған, Дүмбай Нұрболғанов басқарды. Ол кісі бастық болған жылдарда барлау алаңында қолдағы бар, бұрғылау қондырғыларымен Кусайник, Қаратам, Еспелісай, Доңға барлау алаңдарынан құрылымдық ұңғылар қазылып, болашақта терең бұрғылауға дайындап жатты. 1957-1960 жылдары бұрғылау станоктары Түбіжіктен Қошақ, Ақшымырауға, кейіннен Жетібай, Қызылсай алаңдарына тартылып жеткізілді, сол жерлерге отбасыларымен көшірілгендердің басым көпшілігі әуелде осы Түбіжік алаңынан барғандар еді. 1959 жылдың Шілдесінде Форт-Шевченкодағы С.М.Киров атындағы орта мектепті бітірген бір топ жастар комсомолдық жолдамамен Жетібай барлау алаңына жұмысқа келдік. Біз, тек жұмыскер емеспіз, қолымызда құрылымдық бұрғылау қондырғысының дизелші-моторшы деген куәлігі бар, осының алдында ғана мектепте жүріп,

5.01.1961 жылы Өзенде Ғ.Абдірзақов бригадасы қазған К-1 ұңғысынан сумен аралас газ бұрқағы және 5.07.1961жылы Жетібайда (шебер Н.Петров), сол жылдың желтоқсанында Өзенде (шебер М.Құлебякин) мұнай. газ табылуына байланысты Түбіжіктегі жұмыстар тоқтатылды, барлық күш жоғарыда аталған кен орындардағы қорларды есептеуді тездетіп, оны мемлекеттік комиссия бекітуіне ұсыну қажет болды.

Сонымен бірге, жұмыс көлемі өскендіктен барлық құрылымдық бригадлер Ералыев кентіне көшіріліп, МНГР тресінің «Ірілендірілген құрылымдық геологиялық іздістіру экспедициясы» (УСПНЭ) деген атпен, қайтадан құрылды. Алғашында Жетібай мұнай барлау экспедициясы жанынан ұңғыларына сынау цехы болып құрылған, артынан бүкіл трест бойынша біріктірілген дербес «ұңғыларды сынау кеңсесі» (КОС) мекемесіне қажетті мамандар бұрынғы құрылымдық барлаушылармен толықтырылды. Міне, Түбіжікте жұмыс көлемі жабылайын деп жатқан кезде, барлау алаңы бастығы қызметінде жүрген Д. Нұрболғанов, жаңадан құрылып жатқан мекеменің басшы кадрлерін нығайту мақсатында ұңғыларды сынау кеңсесіне (КОС) аға өндіріс инженері болып ауыстырылды.

Сол, 1951 жылы Маңғыстауға келгендердің әруағы риза болсын, ол кісінің Маңғыстауға келгенге дейінгі еңбек жолын айтып жіберген бөтен болмас. Алғашқы бұрғышылар барлау алаңдарына бала-шағаларымен бірге көшіп жүрген. Маңғыстауға келу үшін бала-шағасы, азды-көпті қол жүктегімен, әуелі Атырауға, содан су жолымен Фортқа, одан автокөлікпен Түбіжікке келген. Жаңа жер, жаңа қоныс, ен дала. Әркім өздері тұратын баспана-жертөлени біреуі ерте, біреуі кеш дегендей қазып алып, кірген. Су жолымен бөлшектеңіп келген бұрғылау қондырғысын Баутин-нен тасу, оны қайтадан құрастыру, бұрғылау алаңына тарту, осылай көптеген қиындықтармен құрылымдық бұрғылауды бастаған, ал бастауыш мектеп, дәрігерлік бөлімше, дүкен, почта байланысы да бірден болмайды ғой.

Кейінде жасалынғанмен, бәріне де уақыт керек. Осындай қиындықтарға шыдаған құрылымдық геологбарлаушы ағалар мен олардың отбасылары зор жұмытке ие деп есептеймін. Жоғары да жаздым ғой, ол кездегі барлау алаңындағы бастықтар конторда отырмаған, барлық жұмысты қарауындағылармен бірге, жағаласын жүріп қолдап жасаған, қиындықтарды бірге бөліскен. Олардың өмір жолы кәзір арамызда жоқ, көптеген құрылымдық барлаушы ағалар жолдарымен бірдей,

сондықтанда Д.Нұрболғанов сияқты ағаны еске алу, өмірден өткен басқа ағаларды еске алғанымызбен бірдей.

Нұрболғанов Дүмбай 1916 жылы Гурьев облысы, Сарыкөл кентінде туған. 1932-1940 жылдарда Гурьев геология барлау кеңсесінің жұмысшысы, бұрғышы көмекшісі, ұңғыларды сынау бұрғышысы. 1940-1951 жылдарда Дүйсеке, Тақырбұлақ мұнай барлау бөлімшелерінің бұрғышысы, механигі, бұрғылау шебері. 1951-1971 жылдарда Маңғыстауда, әуелі Түбіжік барлау алаңындағы геологиялық іздістіру партиясының механигі, шебері және 20 жылдай бастығы, кейіннен Жетібайдағы ұңғыларды сынау кеңсесінің аға өндіріс инженері. 1971 жылдан зейнеткерлер қатарында болып, 1994 жылы 78 жасында өмірден өтті. Геологиялық барлау және мұнай іздістіру саласындағы ұзақ жылдар бойы мінсіз қызметі үшін «Құрмет белгісі» ордені, бірнеше медальдер және мақтау грамоталарымен марапатталынды. Маңғыстаудағы алғашқы геологиялық барлау және мұнай іздістіру жұмыстарының ішінде жүрген, сол кездегі кездескен қиындықтарды жеңіп, оны «түлеген түбекке» айналуына барынша ат салысқан, кәзір арамызда жоқ ағалардың бірі - осы Д.Нұрболғанов ақсақал. Ол өндіріске келген жастармен бірге, жергілікті жерлерден, ауыл-шаруашылық саласы - колхоздардан жұмысқа кіргендерді де барынша қамқорлыққа алып, бұрғышы мамандығының талай қыр-сырына жалықпай үйреткендердің қатарынан болатын. Осы жылдарда оның қарауында болып, бай тәжірибесін үйренгендер санын айту, аты-жөнін тыянақтау, біздің қолымыздан келмейтін шаруа.

Дегенмен айтпай кетпеуге болмайды, сол алғашқы топта болғандар арасында бұрғылау жұмыстарында ерекше көзге түскен мұнайлы Ембі ардагерлері, ағайынды Жанзақов Қойлыбай (1904-1979ж.ж.), Қалжігітов Хасанғали (1906-1995ж.ж.), олардың жолын қуған балалары Оразғали, Сапарғали, Өрбісіновтер Бекеш, Бисенбай, Сағызбай, балаларымен. Жаза берсе саны жеткілікті, бірақ бәрін қамтуға газет беті көтермейді.

ГПП ұжымы барлаушыларының Маңғыстаудағы басты мұнай, газ кен орындарын ашудағы орасан зор еңбегі, алғашқы кен барлаушыларының жарқын бейнелері, бүгінгі таңда олармен қызметтес болғандардың және түбек мұнай ардагерлерінің есінде сақталынады болады.

Сатыбалды Нұрлыбекулы, геологиялық барлау және мұнай іздістіру саласының ардагері, зейнеткер.

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

МАРАПАТ –
ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМІСІ!

24 қазан күні Маңғыстау облысы бойынша экология департаментінің басшысы Армат Жалғасбайұлы Жүсіпқалиев Республика күні қарсаңында экология саласында белсенділік танытқан өндірістік мекеме қызметкерлерін марапаттады.



Марапаттар «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясына белсене қатысып, сондай-ақ «Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ геопортал деректері негізінде жүргізілген мониторинг жұмыстарына үлес қосқан қызметкерлерге табысталды.

Осы орайда, «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ атынан қоршаған ортаны қорғау инженері Айнаш Қожалақова табиғатты қорғау ісіндегі адал еңбегі мен жауап-

кершілігі үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Бұл марапат – тек жеке еңбектің емес, бүкіл ұжымның табиғатты қорғауға қосқан үлесінің лайықты бағалануы.

Біз әріптесімізді шын жүректен құттықтаймыз және экологиялық мәдениетті арттыру, қоршаған ортаны қорғау бағытындағы ортақ ісіміз жалғасын табатынына сенімдіміз!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖАҢА СУ КОДЕКСІ БОЙЫНША
КӨШПЕЛІ СЕМИНАР ӨТТІ

2025 жылғы 15–16 қазанда «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас кеңсесінде Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 9 сәуірдегі №178-VIII ЗРК жаңа Су кодексінің қолданудың тәжірибелік аспектілеріне арналған оқу семинары өтті.

Компаниямыздың өтініші бойынша ұйымдастырылған бұл корпоративтік көшпелі семинарға Қоғамның жауапты қызметкерлерімен қоса «Өзенмұнайгаз» АҚ және «Caspiy Operating» ЖШС мамандары қатысты.

Семинар барысында қатысушылар жаңа заңнаманың негізгі ережелері бойынша жан-жақты түсіндірмелер алды, су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау мәселелерін, сондай-ақ оны өндірістік тәжірибеде қолдану мысалдарын талқылады.

Оқыту жұмыстарын Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігінің сарапшылары мен мамандары жүргізді.

Қатысушылар бағдарлама мазмұнының тәжірибелік бағыттылығы мен ұсынылған материалдардың өзектілігін ерекше атап өтті.

Семинар соңында «Су ресурстары ақпараттық-талдау орталығы» КЕАҚ барлық қатысушыларға белсенді жұмысы мен кәсіби құзыреттерін жетілдіруге қосқан үлестері үшін алғыстарын білдіріп, болашақта да ірі компаниялар үшін жаңа Су кодексі, экология және су ресурстарын тиімді басқару тақырыптары бойынша көшпелі корпоративтік семинарлар ұйымдастыруға дайын екенін атап өтті.

ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІ –
КОМПАНИЯНЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау – «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының негізгі басымдықтарының бірі.

2025 жылдың 31 қазанында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаменті бірқатар ерекше шаралар ұйымдастырды. Іс-шара барысында еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің жоғары деңгейін көрсеткен қызметкерлердің

ата-аналары мен отбасы мүшелеріне құрмет көрсетілді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары Бауыржан Бергенұлы Ләтіп жиналғандарға арнаған сөзінде:

«Қызметкерлеріміздің өмірі мен денсаулығы – Қоғамның басты басымдығы. Әрбір мұнайшының қауіпсіз еңбек етуі, отбасына аман-есен оралуы – біздің ортақ мақсатымыз», – деп атап өтті.

Ол сондай-ақ еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасын жетілдіру бағытында тың идеялар ұсынып, әріптестеріне үлгі болып жүрген қызметкерлердің еңбегін ерекше бағалап, олардың кәсіби дамуына, жаңа буын мамандарды тәрбиелеуге және тәлімгерлік мәдениетті қалыптастыруға қосқан үлестерін атап өтті.

Шара соңында Бауыржан Бергенұлы Қоғам Басқармасының атынан қызметкерлердің ата-аналары мен отбасына алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыстады. Жылы жүздесуге жиналған ата-аналар компания басшылығына өз ризашылықтарын білдіріп, балаларының еңбегін жоғары бағалағаны үшін алғыстарын айтты. Іс-шара достық және көтеріңкі көңіл-күйде өтіп, мерекелік шай дастарханымен жалғасты.



Сонымен қатар дәл осы күні қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында аянбай еңбек етіп жүрген қызметкерлердің балаларына арналған танысу және танымдық шара өтті.

Бұл кездесудің мақсаты – жас ұрпаққа ата-аналарының еңбегінің маңызын ұғындыру, еңбек қауіпсіздігі саласы туралы түсініктерін кеңейту, сондай-ақ жауапкершілік пен ұқыптылық сияқты қасиеттерді бойларына дарыту болды.

Балалар кәсіпорынның жұмыс барысымен танысып, қауіпсіздік техникасының негізгі қағидалары мен еңбек қорғау мәдениеті туралы

қызықты мағлұмат алды. Мұндай іс-шаралар жас буынның еңбекке деген құрметін арттырып, олардың болашақта саналы әрі жауапты азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Кездесу соңында балаларға естелік сыйлықтар табысталып, жылы лебіздер айтылды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы үшін қауіпсіздік пен еңбекті қорғау – жай талап емес, корпоративтік мәдениеттің ажырамас бөлігі. Осындай шаралар компаниядағы адами құндылықтарды нығайтып, әрбір жұмыскер мен оның отбасының қоғамдағы орнын айқындай түседі.



ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН ЭТИКА – ТАБЫСТЫ КОМПАНИЯ КЕПІЛІ

15-17 қазанда «Oil Construction Company» ЖШС-ның Қаламқас және Жетібай құрылыс құрастыру қызметтерінде жұмыскерлерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және іскерлік этика қағидаттарын нығайту мақсатында арнайы оқыту өтті. Шараны компанияның комплаенс-офицері Т.Қошанов ұйымдастырып, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Маңғыстау облысы бойынша филиалының директоры А. Демейова өткізді.



Оқыту барысында қатысушыларға Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптары, ISO 37001 халықаралық стандартының қағидаттары, мүдделер қақтығысының алдын алу тәсілдері және ұйым ішіндегі іскерлік этика стандарттары бойынша жан-жақты ақпарат берілді. Бағдарлама парақорлық тәуекелдерін бағалау әдістемесін, ішкі талдау жүргізу жолдарын және тәуекелдерді өңдеу циклі яғни анықтау, бағалау, қабылдау сатыларын қамтыды. Сонымен қатар ISO 37001 талаптарына сай тәуекелдерді жүйелі түрде бағалау мен мониторинг жүргізудің, нәтижелерді құжаттап, басқару процестерін тұрақты жетілдірудің маңыздылығы атап өтілді. Мұндай тәсіл ұйымға парақорлық

тәуекелдерін дер кезінде анықтап, оларға сәйкес пропорционалды бақылау орнатуға және шешім қабылдау кезінде жоғары басшылықты нақты деректермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Оқытуда ерекше назар мүдделер қақтығысының алдын алу мен басқаруға аударылды. Қатысушыларға қақтығыс туындауы мүмкін жағдайларды тану, оны жазбаша түрде хабарлау міндеті, сондай-ақ мұндай жағдайда функционалдық міндеттерді уақытша өзгерту немесе қайта тапсыру сияқты шаралар түсіндірілді. Сонымен қатар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдағы шектеулер мен жауапкершілік нормалары еске салынды. Бұл қызметкерлерге заңнамалық және этикалық талаптарды күнделікті қызметте қолдануға көмектеседі. Оқыту бағдарламасында адалдық, әділдік, сыйластық, ашықтық және жауапкершілік сияқты іскерлік этиканың негізгі қағидаттары кеңінен қарастырылды. Қызметкерлерге сыйлықтар мен қонақжайлыққа қатысты саясаттың шекаралары түсіндірілді. Атап айтсақ, іскерлік шешімдерге ықпал етуі мүмкін сыйлықтарды ұсынбау және қабылдамау қажеттігі, ал аз құнды сыйлықтар мен қалыпты іскерлік қонақжайлықты жағдайға сай, шектеулі мөлшерде ғана қолдану ұсынылды. Оған қоса қатысушылар ұйым ішіндегі бұзушылықтар



туралы хабарлау арналары – тікелей басшы, комплаенс, HR немесе заң бөлімі, сондай-ақ анонимді сенім желісі немесе электрондық пошта арқылы хабарлау тетіктері туралы ақпарат алды. Хабарлаған қызметкерлерді қорғау кепілдіктері де түсіндірілді. Бұл механизмдер кез келген ықтимал бұзушылықты дер кезінде және қауіпсіз түрде жеткізуге жағдай жасайды.

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және іскерлік этика бойынша оқытуды биыл өндірістегі жұмыскерлердің арасында ұйымдастырдық. Көптеген мамандар қатысып, сауаттарын арттырды. Оқуда Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты, халықаралық тәжірибелер мен алдын алу шаралары сөз болды. Қатысушыларға ашықтық пен есептілікке негізделген жүйелік тетіктер, сондай-ақ халықаралық индикаторлар мен жақсы тәжірибелер мысал ретінде келтірілді. Мұндай әдістер ұйым ішіндегі тәуекелдерді төмендетуге және адалдық

мәдениетін қалыптастырады. Кенорындарындағы әріптестер тәуекелдерді ерте тану, мүдделер қақтығысын ашық басқару және бұзушылықтар туралы қауіпсіз хабарлау мәдениетін күнделікті тәжірибеге айналдыруға дайын екенін көрсетті» деді «Oil Construction Company» ЖШС комплаенс-офицері Т.Қошанов.

Қаламқас пен Жетібайда өткен бұл оқыту сессиялары ұйымдағы этикалық стандарттарды нығайтып қана қоймай, қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттырып, парасаттылық пен адалдық қағидаттарына негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға елеулі үлес қосатыны сөзсіз. Компания алдағы уақытта да ISO 37001 стандартына сай сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйені жетілдіру бағытында жұмыстарын жалғастыра бермек.

Индира Сәтенбай
«Oil Construction Company» ЖШС

ЖРВИ: ТҰМАУ САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ

Күз бен қыс мезгілдері – жедел респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) жиі тарайтын кезең. Өндірістік және вахталық жағдайда қызметкерлер көп жиналатын ортада инфекциялардың таралу қаупі жоғары болады. Сондықтан аурудың алдын алу шараларын сақтау – әрбір қызметкердің өз денсаулығын және ұжымның амандығын қорғаудағы басты міндеті.

ЖРВИ дегеніміз не?

ЖРВИ – тыныс алу жолдарының шырышты қабаттарын зақымдайтын вирустық аурулар тобы. Олардың қоздырғыштары – тұмау, парагрипп, аденовирус, риновирус және басқа да вирустар. Ауру ауамен, яғни жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескенде тарайды. Сондай-ақ вирус жұққан заттарды (есіктің тұтқасы, телефон, пернетақта және т.б.) ұстау арқылы да жұғуы мүмкін.

Тұйық, желдетілмейтін бөлмелерде және көп адам шоғырланған жерлерде (кеңсе, цех, вахталық жатақхана, автобус) вирустар тез тарайды.

Аурудың негізгі белгілері

ЖРВИ көбіне аяқасты басталады:

- дене қызуының көтерілуі, қалтырау;
- мұрын бітеліп, су ағу;
- тамақтың қызуаруы немесе ауырсынуы;
- жөтел (құрғақ немесе қақырықты);
- әлсіздік, бас ауруы, тәбеттің төмендеуі.

Көп жағдайда ауру жеңіл өтеді, алайда иммунитеті төмен адамдарда, созылмалы ауруы бар немесе шаршаған қызметкерлерде асқынулар дамуы мүмкін – бронхит, гайморит, пневмония және басқа аурулар.



Ауырып жұмыста жүру нәтижесінде қауіпті

Кейде адамдар жеңіл суық тию немесе жөтелді елемей, жұмысын жалғастыра береді. Бірақ бұл дұрыс емес: мұндай жағдайда науқас өз денсаулығын нашарлатып қана қоймай, айналасындағы әріптестеріне де жұқтыру қаупін арттырады. Ауру кезінде ағза әлсірейді, ал физикалық жүктеме асқынуға әкелуі мүмкін. Сондықтан денсаулықта өзгеріс байқалса, басшылыққа хабарлап, дәрігерге қаралған жөн.

Алдын алу шаралары

ЖРВИ жұқтыру қаупін азайту үшін келесі қарапайым ережелерді сақтау қажет:

1. Жеке гигиенаны сақтау. Қолды жиі жуу, бет пен мұрынға лас қолмен тимеу.
2. Бөлмені желдету. Күніне кемінде 3–4 рет терезе ашып, ауаны тазартып тұру.
3. Демалыс пен ұйқы тәртібін сақтау. Ұйқының жетіспеушілігі мен шаршау иммундық жүйені әлсіретеді.
4. Дұрыс тамақтану. Күнделікті ас мәзірінде көкөніс, жеміс-жидек, жасыл шөп және дәруменге бай тағамдар болуы тиіс.

5. Ауаны ылғалдандыру. Құрғақ ауа тыныс жолдарының шырышты қабатын тітіркендіреді және вирус енуін жеңілдетеді.

6. Суық тиюден сақтану. Аяқ-қолды жылы ұстау және киімнің маусымға сай болуы маңызды.

7. Тұмауға қарсы вакцина алу. Екпе барлық вирустардан қорғамаса да, аурудың ауыр түрлерінің алдын алады.

Егер ауырып қалсаңыз

- Үйде қалып, жұмысқа бармаңыз;
- Көп сұйықтық ішіңіз – су, шай, жеміс шырыны;
- Демалыс пен жылы жату режимін сақтаңыз;
- Дәрігер ұсынған дәрілерді ғана қолданыңыз;
- Жөтелгенде немесе түшкіргенде ауыз бен мұрынды бір реттік сүлгімен жабыңыз.

Температура ұзақ түспесе, тыныс алу қиындаса немесе кеудеде ауырсыну сезілсе – дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

Вахталық қызметкерлер үшін

Мұнай кен орындарындағы жатақханалар мен асханаларда санитариялық талаптарды сақтау өте маңызды. Бөлмелерді жүйелі түрде желдету, дымқыл тазалау, антисептик пен сабынның жеткілікті болуы инфекцияның таралуын шектейді.

Қорытынды

ЖРВИ-дің алдын алу – күрделі емес, бірақ өте тиімді шаралар жиынтығы. Әр қызметкердің өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы – бүкіл ұжымның саулығының кепілі.

Материалды «Neiron-med» филиалының (Ақтау қ.) эпидемиологы Аман Марат Қобыландыұлы дайындады.

АМАНАТ: ЕЛГЕ ЖАҚЫН САЯСАТ, ҚОҒАМҒА ПАЙДАЛЫ ІС

АМАНАТ — Қазақстанның көппартиялық жүйесіндегі қоғам мүддесін алдыңғы орынға шығарып, жұмыс форматын «кеңседен» «қауымдастыққа» көшіруге басымдық берген саяси күш. 2022 жылғы трансформациядан кейін партия «аманат» ұғымын нақты тәжірибеге айналдырып, сайлаушы сенімін күнделікті іске, ал жергілікті бастамаларды ұлттық деңгеймен ұштастыруға бағыт ұстанды.

Мәжіліс пен мәслихаттардағы фракциялар партияға елдік реформаларды талқылау мен іске асыруда жетекші рөл береді: аймақта көтерілген мәселе фракциялық талқылаудан өтіп, шешім қабылдау тізбегіне кіреді. Осылайша АМАНАТ саяси алаңы қарапайым ұсыныстың нақты жобаға айналуын жеделдетеді.

Партия қызметінің «алдыңғы шебі» — қоғамдық қабылдау. Азаматтар өтініш-шағымын қалдырып, құзырлы органдармен бірлескен шешімге келу үшін ашық арналарға жүгіне алады (офлайн қабылдау, байланыс желілері, онлайн өтінім). Компания қызметкерлері үшін маңызды ақпарат: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кеңсесінде бастауыш партия ұйымының қоғамдық қабылдау кабинеті жұмыс істейді (КазНИПИ ғимараты, 235-кабинет). Күнделікті тұрмысқа қатысты сауалдарыңызбен сол жерге келіп, өтініш тіркей аласыз.

«Неге партия мүшесі болу маңызды?» деген сұраққа жауап та осы жерден табылады. Мүшелік — жай мәртебе емес, қоғам алдындағы жауапкершілікті бірге көтеру. Қоғамдық қабылдауға қатысу, мониторинг пен талқылауға араласу, нақты ұсыныс дайындау — әр мүшенің өз ауласын, көшесін, мектебін, емханасын жақсартуға ықпал ететін тікелей тетігі. Партиялық инфрақұрылым сол ұсынысты фракция деңгейіне шығарып, жүзеге асыру мүмкіндігін арттырады.

АМАНАТ азаматтық мәдениетті кеңейтетін ұзақмерзімді бағыттарға да жүйелі назар аударады. Экологиялық жауапкершілікті қалыптастыратын «Таза бейсенбі» форматындағы тұрақты акциялар қалалар мен ауылдарды таза ұстау мәдениетін нығайтады: өзен-көл жағалауын, аулалар мен саябақтарды бірлесе күтіп-ұстау ортақ тәртіпке айналады. Партияның жастар қанаты — «Жастар рухы» — еріктілік, дебат, қоғамдық бақылау, тарихи-мәдени мұраны қорғау сияқты жобалар арқылы жас ұрпақтың азаматтық дағдысын шыңдайды. Бұл — «партия мүшелері елге қалай пайдасын тигізеді?» деген сұрақтың тағы бір жауабы: жастардың белсенділігі қоғамдағы пайдалы әдет пен ортақ жауапкершілікті көбейтеді.

Қорытындысында, АМАНАТ-тың бүгінгі бейнесі үш өлшеммен айқындалады. Біріншісі — сенім мандаты: сайлаушы аманаты партияға бастамаларды ілгерілетуде нақты жауапкершілік жүктейді. Екіншісі — ашықтық: қоғамдық қабылдау мен байланыс арналары әр өтінішке дер кезінде назар аударуға мүмкіндік береді (соның ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-дағы қабылдау каб. — КазНИПИ, 235). Үшіншісі — қауымдастық: «Жастар рухы» мен еріктілер қозғалыстары азаматтық мәдениетті кеңейтіп, экологиялық және әлеуметтік жобаларды күнделікті тәртіпке айналдырады. Демек, мүшелік — өз ортаңды өзгертудің ең қолжетімді әрі практикалық жолы.

«МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ»: МЕЙІРІМГЕ АЙНАЛҒАН ОРТАҚ ҮЛЕС

«Мұнайлы өлке» — мейірім мен ортақ жауапкершілікке сүйенген қайырымдылық бастамасы. Қор қызметі толықтай ерікті қайырымдылық жарналар арқылы қаржылан-дырылады; мұнда ешкім пайда таппайды, қызметі үшін жалақы алмайды. Жиналған қаражаттың барлығы тұтастай қайырымдылық мақсаттарына жұмсалады. Қордың негізгі салымшылары — «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері, жеке жарнаның орташа мөлшері 2 000 теңге.

2025 жылдың алғашқы 10 айында Қор мақсатына 6,5 млн теңге бағытталды. Бұл сома нақты адамдардың өмір сапасын жақсартуға, әлеуметтік тұтастық пен ұжымдық ынтымақтастықты нығайтуға қызмет етті. Көмек түрлері өмірдің маңызды салаларын қамтыды.

Ең алдымен, күрделі әрі созылмалы ауруларға шалдыққан әріптестерімізге қаржылай қолдау көрсетілді: емдомына, дәрі-дәрмек пен қажетті тексерулеріне көмектесу көзделді. Осы бағытпен қатар, қызметкерлердің кішкентай балаларының еміне де демеу берілді.

1 маусым — Балаларды қорғау күніне орай аутизм және ДЦП диагнозы бар бірнеше

бүлдіршінің реабилитациялық ем алуына мүмкіндік жасалды. Бұл бастама балалардың күтімі мен сауығуына нақты серпін берді, ата-аналардың үмітін нығайтты.

Білім беру бағыты «Мектепке жол» республикалық акциясымен жалғасты: 1 қыркүйек — Білім күні қарсаңында Жетібай ауылының балаларына мектеп формасы мен оқу құралдары сыйға тартылды. Мұндай қолдау әлеуметтік теңдікті күшейтіп, оқу жылының басын жеңілдетті.

Әлеуметтік көмек шеңберінде Қаракия ауданының аз қамтылған отбасыларының балаларына жазғы киім-кешек алынып берілді, дәрі-дәрмек сатып алуға көмек ұйымдастырылды және осы мазмұндас өзге де игі істер жүзеге асырылды. Қайырымдылық жобалары компанияның Жас мамандар кеңесімен бірлесіп атқарылып, қоғамға нақты нәтиже әкелді.

Бүгінгі мейірім ертеңгі үмітке айналсын: қапы қалма, үлес қос — біз көп болсақ, көбірек көмек көрсете аламыз. Сіздің кішкене үлесіңіз үлкен өзгеріске бастай алады. Қатарға қосылыңыз.

ЖАДЫНАМА

терроризм актілерінің алдын алу жөніндегі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері үшін

1. САҚ БОЛЫҢЫЗ!

- Кіру және ішкі объектілік тәртіпті сақтаңыз.
- Кәсіпорын аумағына бөгде адамдардың кіруіне жол бермеңіз.
- Күдік тудыратын адамдарға, көліктерге, иесіз заттарға назар аударыңыз.
- Жеке және қызметтік заттарыңызды қараусыз қалдырмаңыз.
- Қауіпсіздік ережелерінің бұзылуы туралы басшылыққа немесе күзет қызметіне хабарлаңыз.

2. ЕГЕР КҮДІКТІ ЗАТ АНЫҚТАЛСА

- Оған қол тигізбеңіз және орнынан қозғамаңыз!
- Бірден хабарлаңыз:
 - күзет қызметіне;
 - терроризмге қарсы қауіпсіздікке жауапты тұлғаға;
 - полицияға (102) немесе 112 нөміріне.
- Адамдарды қауіпті аймақтан алыстатыңыз.
- Күдікті заттың жанында ұялы телефон қолданбаңыз.
- Арнайы мамандар келгенше күтіңіз.

3. ҚОРҚЫТУ НЕМЕСЕ ҚАУІП ТУРАЛЫ АҚПАРАТ АЛҒАН КЕЗДЕ (ТЕЛЕФОН, ПОШТА НЕМЕСЕ ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ)

- Сабыр сақтаңыз.
- Қорқытушы адамның сөздерін, дауыс ерекшеліктерін, дыбыстарды және уақытын есте сақтаңыз.
- Қоңырау нөмірін немесе жіберушінің мекенжайын жазып алыңыз.
- Басшыңызға және құқық қорғау органдарына хабарлаңыз.
- Хабарламаны өшірмеңіз — ол дәлел ретінде қажет болуы мүмкін.

4. ТЕРРОРИСТІК ҚАУІП ТҰЫНДАҒАН ЖАҒДАЙДА

- Эвакуация жоспарына сәйкес әрекет етіңіз, дүрбелең тудырмаңыз.
- Әріптестеріңіз бен келушілерге көмек көрсетіңіз.
- Жауапты тұлғалар мен құқық қорғау органдарының нұсқауларын орындаңыз.
- Эвакуация мүмкін болмаса — берік заттардың артына тығылыңыз, терезе мен есіктерден аулақ болыңыз.
- Қауіпті аймақтан шыққаннан кейін рұқсатсыз қайта кірмеңіз.

5. КЕПІЛГЕ АЛУ КЕЗІНДЕ

- Сабырлы болыңыз, қылмыскерлерді арандатпаңыз.
- Өз бетінше әрекет етуге тырыспаңыз.
- Сыртқы келбетін, шабуыл жасаушылардың санын, қаруды есте сақтаңыз.
- Босату кезінде жүгірмеңіз - еденге жатыңыз, қолыңызды ашық ұстаңыз.

6. АТЫС НЕМЕСЕ ҚАРУЛЫ ШАБУЫЛ КЕЗІНДЕ

- Берік заттардың артына жабыныңыз немесе қауіпті аймақтан шығыңыз.
- Телефоныңызға не болып жатқанын түсірмеңіз.
- Телефон дыбысын өшіріп, есікті жауып, жасырыңыз.
- Полиция келген кезде қолыңызды ашық ұстаңыз.

7. ЖАРЫЛЫС НЕМЕСЕ ӨРТ КЕЗІНДЕ

- Жерге жатып, басын жауып алыңыз.
- Жарылыстан кейін зардап шеккендерге көмектесіңіз, эвакуацияны ұйымдастырыңыз.
- Лифтілерді пайдаланбаңыз.
- Оқиға туралы хабарлаңыз және арнайы қызметтердің нұсқауларын күтіңіз.

8. ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРЛЕРІ

- Бірыңғай нөмір — 112
- Полиция — 102
- Күзет ұйымы — 215-115, ҚМГ ӨБ-214-336, ЖМГ ӨБ - 213-402
- КҚЖ — 215-331
- ҚЖЕҚ, ҚОҚД АҚЖТЖҚ - ЖМГ - 213-835, КМГ - 214-388
- ҚЖЕҚ, ҚОҚД ӨҚТ - ЖМГ - 213-668, КМГ - 214-174
- ЦИТД ауысым бастығы — 211-548
- ҚМГ ӨБ МКДЖАЦ бастығы — 214-625
- ЖМГ ӨБ МДЖАЦ бастығы — 213-077

9. ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН

Кәсіпорынның терроризмге қарсы қауіпсіздігі - бұл әрбір қызметкердің жауапкершілігі!

Қырағылық, тәртіп, іс-қимылдардың жеделдігі қайғылы оқиғаның алдын алуға қабілетті.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Корпоративті қауіпсіздік қызметі

	МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Редактор: Есназар Сұлтанов Редакция алқасы: - С. Галидуллин - Л. Жолдыбаева Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев	Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 211-861 211-885, 212-194 Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады	Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген	➤ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді ➤ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды ➤ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды	Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді. Индексі: 64265	«Атис» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, «Дукат» ТҮ, 17 ш.а., 1 үй, 3 кеңсе тел: 8(7292)525 500
---	---	---	--	--	--	--